



# QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден  
бастап шығады№ 18/18  
5 қараша

www.nstagram.com/qorjyntubek\_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru

ЖАҢАЛЫҚТАР

20-ҚАРАША – ПРЕЗИДЕНТ СЙЛАУЫ

## Қазақстан Президенті ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кезектен тыс сессиясына қатысты



Қасым-Жомарт Тоқаев Армения Республикасының ұсынысы бойынша өткен Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кезектен тыс сессиясына бейнебайланыс форматында қатысты.

Сонымен қатар саммитке Армения Премьер-министрі Никол Пашинян, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Ресей Президенті Владимир Путин, Тәжікстан Прези-

денті Эмомали Рахмон және ҰҚШҰ Бас хатшысы Станислав Зась қатысты.

Сессия барысында ҰҚШҰ-ның Арменияға биыл 15 қыркүйекте жіберген Миссиясы жұмысының нәтижелері талқыланды.

Қазақстан Президенті жиында сөйлеген сөзінде жанжалды тек бейбіт жолмен және саяси-дипломатиялық тәсілдермен реттеу керек екенін атап өтті.

akorda.kz

## САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ ҮГІТ

Естеріңізге сала кетейік, 1-қыркүйекте Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев осы күзде кезектен тыс президенттік сайлау өткізуді ұсынған болатын. 17-қыркүйекте Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды, онда Конституцияда Республика Президенті өкілеттілігінің бір мәрте жеті жылдық мерзімін белгілеу көзделген. Конституцияға түзетулер енгізілді. Биыл мәслихаттар мен Парламентке қатысты сайлау жүйесі өзгерді. Заң шығарушы биліктегі, Конституциялық соттағы өзгерістер аяқталуға жақын саяси реформалардың бөлігі болып табылады. Енді барлық саяси институттардың жаңа құрамында ел одан әрі дамитын болады.

Ағымдағы жылғы саяси реформалар, оның ішінде бір реттік Президенттік мерзім, Президенттің, әкімдердің, басқа да негізгі басшылардың саяси партиялардан шығуы және заңнамадағы басқа да өзгерістер билікті монополиялау тәуекелдерін болдырмауға бағытталған. Қазақстан үшін қазіргі

заманғы тарихтың аса маңызды сәті Конституцияға енгізілген Президенттің бір реттік мерзімі туралы норманы қарастырады, ол Президент билігінің ауыспалылығына және болашақта кез келген сәтте осы ережені өзгерту мүмкін еместігіне кепілдік береді.

Біз Президентімізге сенеміз. Ол міндеттер қояды және оларды жоспарлы түрде жүзеге асырады. Мерзімінен бұрын сайлау және президенттің жеті жылдық мерзімі – мемлекет басшысының жақсы ойластырылған, талданған қадамы. Мен оның дұрыс шешім қабылдағанына сенімдімін және оны толығымен қолдаймын. Алдағы кезектен тыс Президент сайлауына барлықтарыңызды атсалысуға шақырамын. Еліміздің, жастарымыздың болашағы жарқын әрі сенімді болуы біздің қолымызда. Әр дауыс маңызды. Елдің болашағы үшін дауыс беріңіз.

*Ахметова Рахима Есенманқызы,  
Приозерск қалалық  
Аналар кеңесінің төрағасы.*

## ДҰРЫС ТАҢДАУ ЖАСАЙЫҚ!

Күздің соңғы айы 20-қарашада президент сайлауы өтеді. Биылғы президенттікке үміткерлер саны жетерлік екен. Қ.Тоқаевтан басқа кандидаттардың дерегімен өзімше танысып шықтым. Әрқайсысы үмітті және өздігінше дайындалуда. Біз үшін ел Президенті ел ертеңін ойлайтын ер азамат болуы керек. Үміткерлер арасында ондай адам мен үшін біреу ғана. Лайықтысы да сол. Ел басқару саласында сан жылғы еңбегі бар, білікті, сауатты, салиқалы, мәдениетті, айта берсем жігіттік бойында жеті емес, жетпіс өнерге тән қасиеті бар Қасым-Жомарт Тоқаев.

Байқасаңыздар, Қ.Тоқаев халықтың ойымен санасқан, санасып келе жатқан, халықтың көкейкесті мәселелерін білетін һәм қолдайтын бірден-бір мемлекет басшысы. Естеріңізде болса, кезінде халықтың несиерін кешіріп, мұғалімдер мен медкызметкерлердің, мемлекеттік қызметкерлердің тағы басқала жұмысшылардың жалақысын өсіріп, бергін келе елге қастандық жасап, халықтың қазынасын асап келгендерді жазаға тартуға бұйрық бергенінен де хабардармыз. Еліміздегі бірнеше қалалардың атауын өзгертіп, халық талабын мейлінше орындап жатыр. Пандемия кезінде жақындарымыздан, табысымыздан айырылып қаламыз ба деп қайғырып, ертеңіміз не болады? - деп жүргенде азаматтар мен кәсіпкерлерге айтарлықтай қолдау көрсетті емес пе? Одан бөлек зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын пайдалану туралы бастамасының әлеуметтік ықпалы айрықша болды. Миллионнан астам азамат тұрғын-үй жағдайын жақсартып, біразы ипотекалық қарызын қысқартты. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тассын» деген бар ғой! Бүгін міне, аталған азаматтың жақсы тұстарын тілге тиек етіп отырмын.

Қ.Ж.Тоқаевтың сайлауалды бағдарламасын қарап шықтым. Ол өз бағдарламасында: «Үш жарым жыл ішінде еліміз көптеген қиындықты бастан өткерді. Соған қарамастан, біз барлық салада ауқымды реформалар жүргіздік. Саяси реформаның бірнеше топтамасын жүзеге асырдық. Ата заңға маңызды өзгерістер енгіздік. Маусым айында өткен референдум қоғам мен ел-жұрт бастамаларды қолдайтынын көрсетті. Билік пен қоғам арасындағы диалог нығая түсті. Біз еліміздегі тамыр-таныстық пен монополияны түбірімен жоюға кірістік. Барлық салада шынайы бәсеке болуы үшін әділ ережелер орнығуда. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы жүзеге асырылып жатыр» - депті. Жаман болу бір пәсте, жақсы болу әсте-әсте. Жаңа Қазақстан болып құрылғанымыз кеше, құдай қаласа, жаңа Қазақстан өзінің жаңашылдығымен жақсылығымен жадымызда қалады.



Бағдарламасынан тағы бір ұнағаны, «Мемлекеттік қызметшілер жалынды ұран мен жалаң сөзге үйір болмауға тиіс. Олар барынша тиімді әрі өнімді жұмыс істеуі қажет. Расында Халыққа әдемі жоспарлардың қажеті жоқ. Әдемі баяндамалар да қажет емес. Жұрттың күтіп отырғаны – нақты шешімдер және нәтижелі жұмыс. Сондықтан, барша халықтың әл-ауқатын арттыру шенеуніктердің басты бағдарына айналады. Олардың кәсіби қызметі сол арқылы өлшенеді. Өйткені, бұл – біздің жалпыұлттық мақсатымыз. Басшылардың айтқаны заң деген ұғым келмеске кетеді. Бірінші орында халықтың және мемлекеттің мүддесі тұруы керек» - депті. Біздің де күткеніміз осы. Алдағы уақытта билік халықпен санасса, халықтың әл-ауқатын көтеру жолында еңбек етсе, сірә ертеңіміз жаман болмас еді. Одан бөлек алдағы үш жыл ауылдық аймақтарды барынша дамытуға арналады. Ауылдағы тұрмыстың қаладағы сияқты жайлы болуына күш саламақ. Дұрыс! Бірінші кезекте ауылды жерлерді дамыту керек. Сол кезде ауылдық азаматтар жұмыс іздеп қалаға сабылмайтын болады, бұл мақсаттың одан да бөлек пайдалы тұстары өте көп. Президенттікке, депутаттыққа, әкімдікке ұсынылған әрбір азаматтың сайлауалды бағдарламасы 100 пайызға орындалса, ертеңімізден түңілмес едік. «Қазақстан – демократиялық мемлекет. Президент халықтың таңдауымен сайланады. Мен, мемлекет басшысы ретінде, сайлаудың таза, ашық әрі әділ өтуіне кепілдік беремін. Бұл менің берік ұстанымым», - деді Тоқаев ел халқына арнаған үндеуінде. Сонымен қатар Президент алдымызда зор міндеттер тұрғанын, Қазақстан халқына сенім артатынын айтты. «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» дейді дана халқымыз. Алдағы сайлауға баршаңызды барынша жауапкершілікпен қарауға шақырамын. Еліміздің келешегі, әр отбасы мен әр азаматтың тағдыры сіздердің шешімдеріңізге тікелей байланысты», - деді мемлекет басшысы.

Менің таңдауым Қасым-Жомарт Тоқаев. Сайлаушылар да менің ой-пікіріммен, таңдауыммен келіседі деп ойлаймын және үміттенемін. Дұрыс таңдау жасайық, жерлестер!

*Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,  
Қ.К.Тоқаевтың сенімді өкілі.*

## Алаяқтар қандай жаңа қулықтарға көшті

*Fingramota.kz қаржылық алаяқтық кейстерін талдауды жалғастырады және қаскүнемдерге қалай қарсы тұруға болатынын және олардың қармағына түспеу жолын айтып береді.*

**Алаяқтар өзін қаржы реттеушісінің қызметкері ретінде таныстырады!**

Қаскүнемдер кез келген ақпаратты өзінің арам пайылын іске асыру үшін пайдаланады, олар БАҚ пен әлеуметтік желілердегі жаңалықтарды үнемі қадағалап отырады. Алаяқтар ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің қызметі туралы да хабардар. Енді олар азаматтарға өздерін қаржы реттеуші ретінде телефон арқылы таныстырып, хабарласа бастады. Схема қорқыту, жеке және төлем деректерін хабарлауға не қаражатты олардың шотына аударуға мәжбүрлеу арқылы жүргізіліп отыр. Біздің пайдаланушылардың бірі осы схема туралы Агенттікке ресми кері байланыс арналары арқылы хабарлады:

«Қайырлы күн! Маған хабарласып, ҚР қаржы реттеушісі, ҚНРДА атынан қоңырау шалып отырғанын айтты. Бұл алаяқтар болуы мүмкін бе? Қоңырау шалушы өзін Максим Фролов ретінде таныстырды, мен бұған дейін де алаяқтарға сеніп, біраз ақша жоғалтып алған едім, нәтижесінде кредит мойнымда қалған еді. Бұл адам ҚНРДА менің ісімді тексеріп жатқанын және осыған ұқсас бірнеше шағымдардың келіп түскенін айтты... Содан кейін ол маған WhatsApp-қа жаза бастады, алаяқтарға жіберген барлық чектерді жіберуімді талап етті». Қаскүнем қорқыту арқылы сұратылған ақпаратты алуға тырысқаны анықталды.

Біздің оқырман жүгінген Fingramota.kz-тің жоба қызметкерлері бірден жауап берді, олардың қаржы алаяқтары болып келетінін растады және олармен хат алмасуды тоқтатуға, сондай-ақ кез келген басқа тәсілмен байланысқа шықпауға кеңес берді.

Назар аударыңыз! Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің қызметкерлері жеке және төлем деректерін ұсыну немесе қауіпсіз шоттарға ақша аудару мақсатымен азаматтарға өздері телефон соқпайды! Азаматтардың Агенттікке келіп түсетін ресми өтініштерінде Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес барлық қажетті ақпарат көрсетілген. Сондай-ақ қаржы реттеушісінің өкілдері бөтен логотиптерді, аватаркалар немесе анонимді аккаунттарды пайдаланумен пайдаланушылармен хат жазыспайды.

Сіздер ақпаратты тексеру үшін Агенттікке тікелей, «1459» нөмірі бойынша call-центр арқылы, «Fingramota Online» мобильді қосымшасы, Fingramota.kz сайтының «Онлайн-консультант» сервисі арқылы жүгіне аласыз.

Кеңес: өздерін кім болып таныстырса да бейтаныс адамдарға сенбеңіз. Алаяқтар банктік шоттарға қол жеткізу үшін түрлі себептермен сіз және сіздің төлем картчанңыз туралы конфиденциалды ақпаратты қолға түсіруге тырысады. Егер сіз оларға сеніп, құпия мәліметтерді хабарласаңыз дереу өз өңіріңіздегі полиция департаментіне хабарласыңыз!

Алаяқтықтың түрлері жөнінде хабардарлық деңгейіңізді үнемі арттырып отырыңыз. Апта сайын www.fingramota.kz халықтың қаржылық сауаттылығы жөніндегі медиапорталда «Абайлаңыз, алаяқтар» бөлімінде, сондай-ақ Агенттіктің әлеуметтік желілерінде алаяқтыққа және қаржы пирамидаларына қарсы іс-қимыл тақырыбы бойынша материалдар жарияланып тұрады және пайдаланушылар қаржылық алаяқтыққа тап болған жағдайда алдауды қалай тануға, не істеу және қайда бару қажеттілігі жөнінде толық ұсынымдар беріледі.

### Алаяқтар сілтемелер арқылы табыс табуды ұсынады!

2 мың теңге табу үшін сілтемені басыңыз, әрбір жаңа қатысушы үшін 100 теңге мөлшерінде сыйақы алыңыз. 6 мың теңге жинақталғаннан кейін сіз өз ақшаныңды оңай ала аласыз. Алаяқтар мұндай жарнаманы әлеуметтік желілерде белсенді түрде таратып, тез және еш қиындықсыз «табыс табуға» шақырады. Біздің оқырманнан жақында: «Мұндай хабарламаларға сенуге бола ма?»,- деген сұрақ келді.

Шын мәнінде, бұл аз болатын 2 мың теңге сомдан айырылу қаупі болса да, ғажайыпқа сенетін және сәттілігін сынап көруге қарсы емес сенімді пайдаланушылар - оқушыларға, студенттерге арналған онлайн-пирамида. Бұл схемадан өзінің де, еңбек сіңірген сыйақысын да алу мүмкін болмайды, сонымен қатар пайдаланушылар алаяқтық сайтта конфиденциалды қаржылық ақпарат қалдырады, осылайша оны киберқылмыскерлерге жібереді.

Жаңа қатысушылардың келуі тоқтаған кезде пирамида құлайды. Салдарынан пайдаланушылар ештеңесіз қалады және болашақта оларға жаппай алаяқтық шабуылдар басталады, себебі пайдаланушылар және олардың деректері осындай күмәнді жобаларда «көрінді».

**Егер сізді қаржы пирамидасына қатысуға тартса, абай болыңыз! Оны мына белгілер арқылы білуге болады:**

- Мүшелікке кіру жарнасын төлеуді ұсынады;
- Жоғары кірістілік, жеңіл және жылдам табысқа кепілдік береді;
- Интернетте, оның ішінде әлеуметтік желілердегі жарнама кампаниясы арқылы сәлмшыларды белсенді түрде тартады;
- Басқа қатысушыларды тартқаны үшін сыйақы төлеуге уәде береді;
- Компанияның қаржылық жағдайы туралы нақты ақпарат болмайды;
- ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі берген халықтың ақшалай сәлмшыларын тартуға арналған лицензия немесе бағалы қағаздар нарығында қызметін жүзеге асыруға арналған лицензиясы болмайды.

Кеңес: қаржы пирамидаларының белгілерімен танысып, оларды мұқият зерделеңіз және негізгілерін есте сақтауға тырысыңыз! 2021 жылы Агенттік қаржы пирамидалары белгілерінің тізімін бекітті, онда әрекет етудің жосықсыз тәжірибесінің 39 өлшемшарты бар. Агенттік жосықсыз қызмет белгілері бар ұйымдардың тізімін тұрақты негізде жүргізеді және өзектендіреді. Қазіргі уақытта тізімге қызметі қаржылық лицензиялау және реттеу аясынан тыс 154 субъект кіреді. Бұл ақпарат қаржы реттеушісінің интернет-ресурсында және Fingramota.kz сайтында жарияланды.

### Алаяқтар сауалнамаларды қолдануды жалғастырады!

Қаскүнемдер бірнеше минут ішінде оңай және тез байып кетуді ұсынады. Олар әлеуметтік желілерде танымал екінші деңгейдегі банктердің, ірі өндіруші компаниялардың және басқа ұйымдардың атынан ақылы сауалнамаларды жарнамалайды. Мысалы, Facebook желісін Halyk Bank-тің «ресми» тескен өткен пайдаланушыларға шамамен жарты миллион теңге төлейтіні туралы жарнама «жайлап» жүр. Fingramota.kz жазылушыларының бірі бізбен постқа жасалған сілтемемен бөлісті. Жарнама суретінде аталған банкке тән түс гаммасы қолданылады, бірақ жарнаманы шығарып отырған аккаунт пен сауалнамалардан өтуге арналған сайттың жалған екендігі сөзсіз.

**Қаржылық сауаттылығыңызды Fingramota.kz сайтымен бірге арттырыңыз!**

## На какие новые уловки перешли мошенники

**Мошенники представляются сотрудниками финрегулятора!**

Злоумышленники используют любую информацию в своих корыстных целях, для этого они постоянно мониторят новости в СМИ и социальных сетях. Мошенники осведомлены и о деятельности Агентства РК по регулированию и развитию финансового рынка. Теперь они начали обзванивать граждан якобы от лица финансового регулятора. Схема обкатанная – запугать, заставить сообщить личные и платежные данные, либо перевести средства на их счет. Сообщила в Агентство о данной схеме через официальные каналы обратной связи одна из наших пользователей:

«Добрый день! Мне позвонили и сказали, что звонят из финансового регулятора РК, из АРРФР. Это могут быть мошенники? Звонящий представился как Максим Фролов, я до этого потеряла много денег, доверившись мошенникам, и осталась с кредитами. Этот человек сказал, что АРРФР расследует мое дело и поступило много аналогичных жалоб... Потом он начал мне писать на WhatsApp. Он потребовал, чтобы я ему скинула все чеки, которые отправляла мошенникам». Как выяснилось, злоумышленник угрозами пытался получить запрашиваемую информацию.

Сотрудники проекта Fingramota.kz, к которым обратилась наша читательница, отреагировали моментально, подтвердив, что это финансовые мошенники, и посоветовали прекратить переписку и любое другое взаимодействие с ними.

Внимание! Сотрудники Агентства РК по регулированию и развитию финансового рынка не обзванивают граждан с целью предоставления личных и платежных данных или перевода денег на якобы безопасные счета! В официальных заявлениях граждан, поступающих в Агентство, согласно Административному процедурно-процессуальному кодексу РК, указана вся необходимая информация. Также представители финансового регулятора не вступают в переписку с пользователями, используя чужие логотипы, аватарки или анонимные аккаунты.

Вы можете обратиться в Агентство напрямую, чтобы перепроверить информацию, через call-центр по номеру «1459», мобильное приложение «Fingramota Online», сервис «Онлайн-консультант» сайта Fingramota.kz.

Совет: не доверяйте незнакомцам, кем бы они ни представлялись. Мошенники под разными предлогами пытаются завладеть конфиденциальной информацией о вас и вашей платежной карточке, чтобы получить доступ к банковским счетам. Если вы им поверили, сообщили секретные сведения, то незамедлительно обратитесь в отделение департамента полиции в вашем регионе!

Повышайте свой уровень осведомленности о способах мошенничества. Каждую неделю на медиапортале по финансовой грамотности населения www.fingramota.kz в разделе «Осторожно, мошенники», а также в социальных сетях Агентства публикуются материалы по теме противодействия мошенничеству и финансовым пирамидам и даются подробные рекомендации, как распознать обман, что делать и куда обращаться, если пользователи столкнулись с финансовыми аферистами.

### Мошенники предлагают заработать на ссылках!

Нажмите на ссылку, чтобы заработать 2 тыс. тенге, получите вознаграждение в размере 100 тенге за каждого нового участника. Как только накопится 6 тыс. тенге, вы сможете легко вывести свои деньги. Мошенники призывают «заработать» быстро и без особого труда, активно распространяя такую рекламу в социальных сетях. «Можно ли верить таким сообщениям?», – поступил недавно вопрос от нашего подписчика.

На деле, это онлайн-пирамида, рассчитанная на доверчивых пользователей – школьников, студентов, которые верят в чудо и не прочь попытаться удачу, даже если расстанутся с небольшой суммой в 2 тыс. тенге. Вывести деньги из этой схемы не получится, ни свои, ни заработанное вознаграждение, к тому же пользователи оставляют на мошенническом сайте конфиденциальную финансовую информацию, таким образом передавая ее киберпреступникам.

Когда поток новых участников иссякнет, пирамида рухнет. В итоге пользователи останутся ни с чем, а в будущем на них начнутся массированные мошеннические атаки, поскольку они и их данные «засветились» в подобных сомнительных проектах.

**Будьте осторожны, если вас вовлекают в финансовую пирамиду! Распознать ее можно по следующим признакам:**

- Предлагают внести вступительный взнос;
- Гарантируют высокую доходность, легкий и быстрый заработок;
- Активно привлекают новых участников через рекламную кампанию в интернете, в том числе в социальных сетях;
- Обещают вознаграждение за привлечение других участников;
- Отсутствует конкретная информация о финансовом положении компании;
- Отсутствует лицензия на привлечение денежных вкладов населения или лицензия на осуществление деятельности на рынке ценных бумаг от Агентства РК по регулированию и развитию финансового рынка.

Совет: ознакомьтесь с признаками финансовых пирамид, тщательно их изучите и постарайтесь запомнить основные! В 2021 году Агентством утверждён перечень признаков финансовых пирамид, содержащий 39 критериев недобросовестной практики поведения. На постоянной основе Агентством ведется и актуализируется список организаций, имеющих признаки недобросовестной деятельности. В настоящее время список включает 154 субъекта, деятельность которых находится вне периметра финансового лицензирования и регулирования. Данная информация опубликована на интернет-ресурсе финрегулятора и сайте Fingramota.kz.

### Мошенники продолжают использовать опросники!

Злоумышленники предлагают разбогатеть легко и быстро – буквально за пару минут. Они рекламируют в социальных сетях платные опросники от лица известных банков второго уровня, крупных добывающих компаний и иных организаций.

К примеру, в Facebook «гуляет» реклама якобы от Halyk Bank, который выплачивает почти полмиллиона тенге пользователям, прошедшим «официальный» тест. Ссылкой на пост с нами поделился один из подписчиков Fingramota.kz.

В рекламной картинке используется цветовая гамма данного банка, но аккаунт, который постит рекламу, и сайт, указанный для прохождения опроса, явно фейковые.

**Повышайте финансовую грамотность вместе с Fingramota.kz!**

## САЙЛАУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСТІ

«Достық» балалар мен жасөспірімдер орталығында қараша айының 2-жұлдызы күні алдағы 20-қарашада өтетін Президент сайлауы алдындағы үгіт-насихат жұмыстары аясында Приозерск қаласының тұрғындарымен кездесті. Кездесу барысында Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың сенімді өкілдері, ҚР журналистер Одағының, Қазақстан жазушылар Одағының мүшесі, ақын Нұрғали Қыдырмұратұлы Қарабеков, балабақша директоры Айтқұл Жәнісқызы Кұлмағанбетова және «Ертай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қызметкері Елдос Сыдықұлы Юсупов Қазақстан Республикасының Президентігіне үміткер Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевты қолдау бойынша қала тұрғындарымен сайлауалды бағдарламасын түсіндіру мақсатында үгіт-насихат жұмысын жүргізді. Кездесуге қатысқан қала тұрғындары осынау жауапты да, маңызды науқанға қатысты өздерінің ой-пікірлерін білдіріп, сайлауға жұмыла қатысу керектігін және өз



таңдауларын жасауға дайын екендігін жеткізді.

**Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ**

## ЖЫЛЫ ЛЕБІЗДІ КЕЗДЕСУ

Еліміздің Қарулы күштерінің қатарына жаңадан шақырылған «Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлеріне қарасты 06708 әскери бөлімінің жас сарбаздары Приозерск гарнизонынан зейнеткерлікке шыққан Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің ардагерлерімен кездесті.

Жас сарбаздармен жылы жүзді кездесуді ұйымдастырған Приозерск гарнизоны Қарулы күштер ардагерлері филиалының төрағасы Кенжебеков Тілек Алшымбекұлы болатын. Кездесуді 06708 әскери бөлімі командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыстары жөніндегі орынбасарының міндетін атқарушы майор Чебиков Бірлік ашып берді.



Жас сарбаздардың ардақты ардагерлермен кездесудің кіріспесі «Менің Республикам - Қазақстан!» атты ерлік сабағына арналды. Аталған ерлік сабағының шымалдығын ашқан ардагер Тілек Кенжебеков барлық Қарулы күштердің ардагерлері атынан жас сарбаздарды 25 қазан – Республика күнімен құттықтады.

«Биыл Ұлытауда өткен ұлттық құрылтайдың отырысында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болу керек» - деп, атап айтқан еді. Біз үшін 25 қазан - Республика күні болып белгіленуі құптарлық шешім. Осы айтулы мереке күні Отан алдындағы борышын өтеп жүрген сарбаздарға жігер беріп, олардың бойындағы отаншыл сезімді арттыра түсетіндігі сөзсіз» - деп, ой түйді ардагер Тілек Кенжебеков.

Жас сарбаздармен кездесуге арнайы шақырылған Ауған соғысының ардагері, запастағы подполковник Крупский Валерий Викторович жас сарбаздарға өзінің ерлік жолын жеткізсе, Қарулы күштер ардагері, Приозерск гарнизонындағы Әскери полиция бөлімін ең алғаш басқарған запастағы подполковник Шатыбеков Болат Турсумбекұлы қызмет атқарған жылдардағы сарбаздардың құқығын қорғау жолындағы атқарған жұмыстарын баяндап берді.

Кездесу барысында қазан айында егеменді еліміздің айбынды армиясының құрылуына өзінің сүбелі үлесін қосқан генерал-майор Мартынов Александр Алексеевич 75 жасқа келуі, көп жылдары Қарулы күштердің қатарында басшылық қызметтерді атқарған, Ауған соғысының ардагері, генерал-полковник Жасұзақов Сәкен Әділханұлы, бірқатар әскери жоғары лауазымдық қызметтерді абыроймен атқарған генерал-лейтенант Дарбеков Болат Керімжанұлы және ел әскерінің қару-жарақ қызметі саласында қызмет еткен, сонымен қатар әскери қызметшілердің құқығын қорғау ісіндегі Әскери полиция қызметінің алға басына зор үлес қосқан генерал-майор Хакимов Шамиль Рафакович мерейлі 65 жасқа толатыны жеткізілді. Осы тұрғыда жаңадан қатарға қосылған жас сарбаздарға мерейтой иелерінің өмірбаяндары мен Отан алдындағы қалтықсыз қызметтегі сіңірген еңбектері жеткізілді.

Жылы жүзді кездесу ашық, сондай-ақ алдыңғы толқын ағалар мен кейінгі жеткен інілер деңгейіндегі пікір алмасқан жағдайда өткізілді және жас сарбаздардың Отан алдындағы алдағы қызметтеріне зор табыстар тілеп, әр кез Әскери антқа адал болу керектігін жеткізді.

Кездесу соңынан жас сарбаздар Қарулы күштердің ардагерлерімен естелік фотосуретке түсті.

**Приозерск гарнизонының баспасөз хатшысы лейтенант Думан Жұмаиұлы**

## «ЗАҢ КЕРУЕНІ» АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА



Приозерск қаласының тұрғындары 2-қараша күні «Достық» балалар мен жасөспірімдер орталығының үлкен залында «Заң керуені» акциясы аясында прокуратура, құқық қорғау және жергілікті атқарушы органдар басшылығының ведомство аралық жұмыс тобымен кездесу өткізді. Акцияның мақсаты – халыққа жергілікті жерде жедел құқықтық көмек көрсету, құқықтық мәдениет деңгейін арттыру, заңдарды түсіндіру, заңды құқықтарын іске асыруға мүмкіндігі жоқ әлеуметтік топтарды анықтау, прокуратураның құқық қорғау рөлін іске асыру, елдегі қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті нығайту үшін азаматтық қоғам мен құқық қорғау органдарының күш-жігерін біріктіру!



Аталған кездесуге Басқарма аға прокурорлары Жалғас Еркебұланұлы Жаманов, Абай Уалибекович Уалибеков, Ұлытау облысы көлік прокурорының орынбасары Асем Джумахановна Какетаева, Қарағанды облысы көлік инспекциясының бас маманы Мирас Анаевич Мадиев, Қарағанды облысы әкімі аппаратының өкілі Алия Ерғалиқызы Канапина, Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасының өкілі



Алия Теміржанқызы Макажанова, Қарағанды облысы жер қатынастары басқармасының өкілі Гүлмира Олжабайқызы Божанова, Қарағанды облысы ЖҚҮ және ӘБ басқармасының өкілі Әнуар Бейсембайұлы Жүнісов, Қарағанды облысы ТРЖТ-ПР басқармасының өкілі Гульмира

Галидуллаевна Аппакова, Қарағанды облысы ауыл шаруашылығы басқармасының өкілі Еркебұлан Айтбекұлы Мукаев, ЕИЖ басқармасының өкілі



Ильяс Джамбулович Сартбаев, Қарағанды облысы ЭЖТҮКШ басқармасының өкілі Ермекбаев Дастан Тлеубаевич, Қарағанды облысы ББ басқармасының өкілі Абылай Серікұлы Есен, Қарағанды облысы дін істері басқармасының өкілі Хасенов Жантөре Амангельдинович, Қарағанды облысы ҚСЖҚК департаментінің өкілі Абылай Ғазизұлы Смағұлов, Қарағанды облысы СЖҚК департаментінің өкілі Бөкейхан Мұратұлы



Жакупбеков, Қарағанды облысы ЖКЖАЖ басқармасының өкілі Арғынғазы Бейбутович Куанышев, Қарағанды облысы МСҚБ басқармасының өкілі Айдын Рымбекович Смағұловтар қатысып, қала тұрғындарының өздеріне қатысты сауалдарына жауап берді және кеңестерін айтты.

Тұрғындар заң қызметкерлері мен басқарма мамандарына пайдалы кеңестері үшін алғыстарын айтып, ризашылықтарын білдірді.

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ**

## 4 ноябрь - день народного единства Российской Федерации



4 ноября в Российской Федерации отмечается государственный праздник - День народного единства, День воинской славы России.

Этот всенародный праздник прямо связан с одним из судьбоносных периодов в истории государства в начале XVII века, когда народ России, объединившись в рядах ополчения Минина и Пожарского, взял на себя ответственность за спасение страны, отстоял родную землю, избавился от интервентов, захватчиков и предателей и открыл дорогу для возрождения и укрепления России. Этот подвиг народа уже более четырех столетий поражает своим мощным патриотическим порывом, тем, что люди сами осознали: судьба, будущее Родины превыше всего.

Отечество в характере нашего многомиллионного и многонационального народа, основные ценности которого близки и понятны каждому. Это искренняя любовь к Родине, уважение к своим предкам, стремление быть достойными их ратных подвигов и выдающихся свершений, стремление трудиться ради развития своей уникальной страны с богатым культурным и духовным наследием и на благо наших людей.

В День народного единства на полигоне прошел ряд событий о которых хотелось бы рассказать. Было проведено торжественное построение личного состава полигона, с доведением поздравлений и праздничного приказа.

В 97 Доме офицеров проведено торжественное собрание и праздничный концерт посвященные Дню народного единства.

В праздничных мероприятиях приняли участие военнослужащие члены семей и гражданский персонал подразделений полигона, были приглашены командование и личный состав войсковой части 03085 и военной комендатуры (3 разряда г. Приозерска), 454 военного госпиталя.

В числе почетных гостей в мероприятии принял участие заместитель Акима города Приозерск Бейскеев Сагынбек Жанбырбаевич. Уважаемым Сагынбеком Жанбырбаевичем были сказаны прекрасные слова поздравления личному составу воинских частей и гражданам Российской Федерации проживающим в городе Приозерске.



Участие в проведенных мероприятиях представителей Респу-

блики Казахстан подтверждает значимость той многовековой дружбы наших народов, которые в трудные времена испытаний и в минуты радости всегда были вместе. Надеемся, что наше взаимоуважение, наш совместный труд и любовь к нашему прекрасному городу послужат делу процветания наших государств.

Как всегда, личный состав 97 Дома офицеров совместно с участниками художественной самодеятельности полигона, творческих коллективов города представили замечательную концертную программу. Огромное спасибо за прекрасный концерт нашему творческому коллективу.

Пользуясь случаем хотелось бы искренне поздравить всех жителей города Приозерск с праздником, пожелать крепкого здоровья, семейного благополучия, счастья, стойкости, неиссякаемого интереса к жизни во всех ее проявлениях и новых успехов в службе и труде! С праздником!

*Заместитель командира  
войсковой части 03080 по  
военно - политической работе  
полковник Воронов В. В.*

## «БК«Сине Мидас Строй» ЖШС

Заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,  
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы,  
Бурабай көшесі, ғимарат 139 Б, кеңсе 30.  
Тұрғылықты мекен-жайы: Нұр-Сұлтан қаласы,  
Шыңғыс Айтматов көшесі, ғимарат 46.  
Тел/факс: 8 (7172) 24-80-30/31/32  
www.sinemidas.com  
E-mail: info@sinemidas.com



Сине Мидас Строй

## ТОО «СП«Сине Мидас Строй»

Юр. адрес: Республика Казахстан,  
Актюбинская область, г. Актобе,  
улица Бурабай, д.139 Б, офис 30.  
Факт. адрес: г. Нур-Султан  
ул. Чингиз Айтматова, здание 46.  
Тел/факс: 8 (7172) 24-80-30/31/32  
www.sinemidas.com  
E-mail: info@sinemidas.com

## Хабарландыру!

10.11.2022 ж. сағат 11.00-де Қарағанды облысы, Приозерск қ.э., Приозерск қ., Пушкин көш. 7 мекен-жайы бойынша «Қарағанды облысының Приозерск қаласының әкімшілік бағыныстағы жерлерінде, Шет, Ақтоғай аудандарында орналасқан, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық транзиттік дәлізін, «Балқаш – Бурылбайтал» учаскесін, 1955- 2005 «Тасарал- Сарышаған» 11 учаскеде кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру бойынша тау-кен жұмыстарының жоспары (№3, №3А, №4, №4А, №5, СМС 1, СМС 3, СМС4, СМС 5, СМС 7, Приозерск-камень) бойынша Қоршаған ортаны қорғау бөлімі жобасына ашық жиналыс әдісімен қоғамдық тыңдаулар өткізіледі. Белгіленген қызметтің баста-

машысы: «Сине Мидас Строй» БК», Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ., Бурабай көш., 139 Б. Тел.+7778731115, e-mail: info@sinemidas.com.

Әзірлеуші «Жетісу-Жерқойнауы» ЖШС, Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең қ., көш. Алмалы, 6, тел. 87085216419, e-mail: zh.zherkoinauy@mail.ru.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қабылданады:  
• <https://ecportal.kz/>  
• «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел8(7212)56-81-66, e-mail: expertiza.upr\_krg@mail.ru. ЖАО сайтына сілтеме <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=kk>.

## Объявление!

10.11.2022 г. в 11.00 часов по адресу: Карагандинская область, г.Приозерск, ул. Пушкина 7 проводятся общественные слушания методом открытого собрания к Разделу охраны окружающей среды к Плану горных работ по добыче ОПИ на 11 участках ( №3, №3А, №4, №4А, №5, СМС 1, СМС 3, СМС4, СМС 5, СМС 7, Приозерск-камень), расположенных на землях административного подчинения г. Приозерск, в Шетском и Ақтоғайском районах Карагандинской области, используемых для реконструкции международного транзитного коридора «Западная Европа – Западный Китай», участок «Балхаш – Бурылбайтал», км 1955-2005 «Тасарал-Сарышаған».

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «СП «Сине Мидас Строй»,

Актюбинская область, г. Актобе, ул. Бурабай, здание 139 Б, тел.+7778731115, e-mail: info@sinemidas.com.

Разработчик: ТОО «Жетісу-Жерқойнауы», Алматинская область. Карасайский район, г. Каскелең, ул. Алмалы, 6, тел. 87085216419, e-mail: zh.zherkoinauy@mail.ru.

Все замечания и/или предложения принимаются:

• <https://ecportal.kz/>  
• ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области», тел. 8(7212) 56-81-66, e-mail: expertiza.upr\_krg@mail.ru. Ссылка на сайт МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>.

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»  
Бас редактор: Исатай М.А.  
Техникалық редактор: Исатай М.А.  
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.  
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды.  
Тапсырыс №18/18, Таралымы:500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35  
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35  
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru  
«Қазпошта» бөлімшелерінде жазылу индексі:66363

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.